*«Бекітемін»*

*Мектеп директоры:*

*__________С.Стамқұлов*

*« Келісемін»*

*ДТТЖО орынбасары:*

*---------------С.Көшербайұлы*

# *«Мәдени жалпы білім беретін мектеп»*
# *коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 4 «Ә»-сынып жетекшісі*
# *Үйсінбаева Шолпанның 2022-2023 оқу жылына арналған*
# *сынып сағаттарының жұмыс жоспары*

***1. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие***

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

| | **Тәрбие жұмысының атауы** | **Аяқтау нысаны** | **Жауаптылар** | **Орындау мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек – Білім күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» | Жоспар, бейнеролик | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 01.09.22 |
| 2 | «Менің тұңғыш президентім» | Жоспар | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 28.11.22 |
| 3 | 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік таңы атқан күн» | Құттықтау бейнеролик | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 12.12.22 |
| 4 | ҚР рәміздеріне-30 жыл «Рәміздерім-мақтанышым» | Жоспар, бейнеролик | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 17.10.22 |
| 5 | «Менің құқықтарым-менің міндеттерім» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 27.02.23 |
| 6 | «Бейбіт күн жасасын әлемде!» | Бейнеролик, желі парақшаларына жариялау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 08.05.23 |

***2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие***

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | А.Байтұрсынұлына-150жыл «Ұлттың ұлы ұстазы-А.Байтұрсынұлы» | Жоспар | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 12.09.22 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | 1 қазан – қарттар күні<br>«Қарты бардың-қазынасы бар» | Жоспар | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 26.09.22 |
| 3 | «Ұстаз-ұлы тұлға» | Ұстаздар қауымын төл мерекесімен құттықтау, бейнеролик | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 03.10.22 |
| 4 | «Адам бойындағы асыл қасиеттер» | Пікірталас | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 23.01.23 |
| 5 | «Татулық - достықтың киелі бесігі» | Әлеуметтік желілерге жариялау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 24.04.23 |
| 6 | «Өмір қауіпсіздігі туралы не білеміз?» | Өмір қауіпсіздік ережелері | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 29.05.23 |

***3. Бағыты: ұлттық тәрбие***

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Өзге тілдің бәрін біл,<br>Өз тіліңді құрметте!» | «Тілдер мерекесіне» орай қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өлеңдер оқып, әлеуметтік желілерге жариялау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 19.09.22 |
| 2 | «М.Әуезов – қазақ әдебиетінің тарланы» | Фотоколлаж | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 10.10.22 |
| 3 | «Жеті – киелі сан» | Бейнеролик жасау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 19.12.22 |
| 4 | «Қазақтың ұлттық тағамдары» | Ұлттық тағамдар түрлеріне презентация жасау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 20.02.23 |
| 5 | Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» | Жоспар, фотоколлаж | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 13.03.23 |

***4. Бағыты: Отбасылық тәрбие***

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мен отбасыммен мақтанамын» | Фотосуреттерден көрме | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 07.11.22 |
| 2 | «Отбасы-бақыт мекені» | Шығарма жазу | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 15.05.23 |
| 3 | Баланың отбасында өмір сүру құқығы | Сауалнама | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 30.01.23 |
| 4 | | | | |

***5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие***

Мақсаты: кәсіби өзін-
өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 15 караша – ұлттық валюта күні «Теңге-ұлт мақтанышы» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 14.11.22 |
| 2 | Табиғат-менің өз үйім | Жоспар | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 06.02.23 |
| 2 | «Таза болса, табиғат, аман болар адамзат» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 17.04.23 |
| 3 | Еңбек түбі - береке» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 30.01.23 |

***6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу***

а

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

,ı о ғ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ы.Алтынсарин-ұлы ағартушы» | Ы.Алтынсарин шығармаларынан көрініс | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 24.10.22 |
| 2 | «Абайла, тайғақ жол!» | Шығарма жазу | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 16.01.23 |
| 3 | «Дана тұлға, дара тұлға-Қонаев» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 09.01.23 |
| 4 | «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешіп,тыйым сөздер мен жаңылтпаш айтып жарысайық. | «101жұмбақ, 1001 мақал» челлендж жасап, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 13.02.23 |

***7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие***

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Достығымыз жарасқан..» | Сурет көрмесі | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 22.05.23 |
| 2 | «Қаз дауысты Қазыбек би» | Жыр эстафетасы. Челлендж | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 21.11.22 |
| 3 | «Ана-күннің шуағы» | Әйел қауымына ашық хаттар жасап, табыстау | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 06.03.23 |
| 4 | "12-сәуір Ғарышкерлер күні" | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 10.04.23 |
| 5 | Жаңа жылдық шырша | Мерекелік іс-шара | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева | 26.12.22 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Шолпан | |

***8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты***

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қауіпсіздік ережелері» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 05.09.22 |
| 2 | «Тән мен жанның тазалығы» | Жоспар, презентация | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 05.12.22 |
| 3 | Зиянды әдеттен аулақ бол | Жоспар | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 20.02.23 |
| 4 | Денсаулық күні «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» | Спорттық сайыс | Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан | 03.04.23 |

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Бастауыш сынып мұғалімі Үйсінбаева Шолпанның 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмысының жылдық есебі

Сынып: 4 «Ә»

**Мәдени жалпы білім беретін мектебі**

**Сыныбы:** 4 «Ә»

**Сынып жетекшісі:** Үйсінбаева  Шолпан

**Оқушы саны**: 15    **қыз бала:**5      **ұл бала:**10

2022-2023 оқу жылының басында 4 «Ә»-сыныбында 34 сағаттық жүктеме бойынша тәрбие сағатының жоспары құрылып, бекітілді. Оқушыларды адал, еңбексүйгіш, патриот, сауатты және жан-жақты ізденімпаз етіп тәрбиелеу мақсатында құрылған сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп отырды.

Атап айтқанда: 1 қыркүйек – Білім күні  «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»,  1 қазан – қарттар күні  «Қарты бардың-қазынасы бар», ҚР рәміздеріне-30жыл «Рәміздерім-мақтанышым» тақырыбына эссе жазу, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік таңы атқан күн»,  «Отбасы-бақыт мекені», «Ана-күннің шуағы», "12-сәуір Ғарышкерлер күні", «Тән мен жанның тазалығы»,  «Менің құқықтарым-менің міндеттерім» таныстырылым, «Адам бойындағы асыл қасиеттер» видеоролик тамашалау және «Өмір қауіпсіздігі туралы не білеміз?» тақырыбында пікірталас форматында сынып сағаттары өткізілді.





Сынып оқушылары тек сынып сағаттарында ғана емес мектепішілік іс-шараларда, спорттық сайыстарда, аудандық және облыстық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда белсенділік танытып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, сыныбымыздың озат оқушыларының бірі Сағат Айзере «Жастардың ғылыми революция әлеміндегі ғылыми шығармашылығы» атты оқушылар мен студенттерге және жас ғалымдар мен зерттеушілерге арналған XI Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясының жеңімпазы атанып 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Және

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 4-сынып оқушысы Сағат Айзере ІІІ орын иеленді

Дінмұханбет Қонаевтың туған күніне орай «Мақтан тұтар Ұлы тұлға» атты тәрбие сағаты өткізілді








[redacted]Сонымен қатар, оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша сыныптың еденін ылғалдандыруын қадағалап отырдым. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақ босатқан оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым

Жаңа жыл мерекесіне орай «Қош келдің, Жаңа жыл»атты тәрбие сағаты өткізіді. 22-наурыз Наурыз күніне орай «Аталар мұрасы-халық қазынасы» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді







Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі және т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып,ескертілді.

Жыл көлемінде атқарылған тәрбие жұмысы «Жақсы» деп қорытындыланды